

**«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ**

БЕКІТІЛСІН

**Басқарма төрағасы –
ректор, профессор**

М.Төлеген

Басқарма отырысының

2022 жылғы 13.09

№ _____ (хаттамасы)



ЕРЕЖЕ

**МАГИСТРАНТТАР МЕН ДОКТОРАНТТАРДЫҢ
ЗЕРТТЕУ ІС ТӘЖІРИБЕСІ ТУРАЛЫ**

ШҚУ Е 010-22

Екінші басылым


№ _____

Енгізу күні _____

Өскемен қаласы


2022 ж.

2022 жылғы 13 қыркүйек №13

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	Магистранттар мен докторанттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 010-22	19 беттің 2 беті

Мазмұны

1	Жалпы ережелер.....	3
2	Нормативтік сілтемелер.....	4
3	Белгілер мен қысқартулар.....	4
4.	Негізгі мақсаты мен міндеттері.....	5
5.	Зерттеу іс тәжірибесін ұйымдастыру.....	6
5.1	Зерттеу іс тәжірибесінің мазмұны.....	6
5.2	Іс тәжірибеден өту туралы есеп. Есептің мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар.....	7
5.3	Тәжірибені қорытындылау және бағалау.....	8
6	Өзгерістер.....	8
7	Келісу, сақтау және тарату.....	9
	Қосымша 1.....	11
	Қосымша 2.....	12
	Қосымша 3.....	13
	Қосымша 4.....	14
	Қосымша 5.....	15

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	Магистранттар мен докторанттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 010-22	19 беттің 3 беті

1 Жалпы ережелер

1.1 Осы магистранттар мен докторанттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы Ереже (әрі қарай – Ереже) магистранттар мен докторанттардың зерттеу тәжірибесінен өту тәртібін реттейді, оның міндеттерін, мазмұнын анықтайды.

1.2 Зерттеу іс тәжірибе (әрі қарай – Іс тәжірибе) магистратура мен докторантура бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады және диссертациялық зерттеудің таңдалған тақырыбы шеңберінде ғылыми зерттеулер жүргізумен, ғылыми жарияланымдар дайындаумен және диссертациялық жұмыстың талдау бөлігімен байланысты практикалық қызмет түрі болып табылады.

1.3 Магистранттар мен докторанттардың зерттеу іс тәжірибесі теориялық-әдіснамалық даярлықты тереңдетуге және жүйелеуге, сондай-ақ қазіргі заманғы ғылыми жетістіктерді талдау үшін қажетті зерттеу құзыреттерін қалыптастыруға және дамытуға, практикалық ғылыми міндеттерді шешуде ғылыми зерттеулер әдістерін пайдалануға бағытталған.

1.4 Зерттеу іс тәжірибе теориялық оқытудан кейін жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында (МЖМБС) белгіленген көлемде жүргізіледі.

1.5 Зерттеу іс тәжірибесін ұйымдастырушы магистранттар мен докторанттарды даярлау бағыты бойынша университеттің бітіруші кафедралары мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі болып табылады.


1.6 Зерттеу іс тәжірибенің мазмұны дайындық бағытының ерекшелігін ескере отырып, сондай-ақ магистранттар мен докторанттардың жеке жұмыс жоспарына сәйкес іс тәжірибе бағдарламасымен анықталады.

1.7 Магистранттар мен докторанттардың зерттеу іс тәжірибесі ғылыми-зерттеу ұйымдарында, өндірістік кәсіпорындар мен фирмалардың ғылыми-зерттеу бөлімшелерінде, университеттердің мамандандырылған зертханалары мен кафедраларында, Қазақстан Республикасының орталық кітапханалары мен мұрағаттарында, ғылыми-білім беру және инновациялық орталықтар базасында немесе магистрлік және докторлық диссертацияларды орындауға болатын далалық зерттеулер түрінде (ғылыми жетекшінің келісімі бойынша) жүргізіледі.

1.8 Бітіруші кафедра базасында магистрлік және докторлық диссертацияларды орындау жоспарланған ғылыми-зерттеу ұйымдарымен келісім шарт жасасуы тиіс.

1.9 Зерттеу іс тәжірибенің мазмұны магистрлік және докторлық диссертация тақырыбымен анықталады.

1.10 Зерттеу іс тәжірибе нақты тәжірибе мазмұны мен формасын

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	Магистранттар мен докторанттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 010-22	19 беттің 4 беті

анықтайтын (магистрант пен докторанттың пікірін ескере отырып) ғылыми жетекшінің және зерттеу іс тәжірибесінің тікелей басшылығымен өтеді.

1.11 Зерттеу іс тәжірибесінің нәтижелері бойынша білім алушылар толық есеп береді және оны кафедра отырысында қорғайды. Аттестаттау нәтижелері бойынша білім алушыларға қорытынды баға қойылады.

1.12 Зерттеу іс тәжірибесінің ұзақтығы мен уақыты академиялық күнтізбеге сәйкес белгіленеді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Ереже келесі нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

2.1 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы.

2.2 Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы».

2.3 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы».

2.4 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы».

2.5 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығы «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы».

2.6 «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ Академиялық саясаты (С.Аманжолов атындағы ШҚУ Ғылыми кеңесінің 30.12.2021 жылғы № 6 хаттамасымен бекітілген).

3 Белгілер мен қысқартулар


ҚР – Қазақстан Республикасы;

ШҚУ ҚР – Шығыс Қазақстан университеттің құжатталған рәсімі;

МЖМБС – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

СІҚЕЖБӨ – сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылықтың өкілі;

СХЫЖАБ – стратегия, халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімі;

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	Магистранттар мен докторанттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 010-22	19 беттің 5 беті

ҚҚЕЖББ – құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі;
ҚБЖ – құрылымдық бөлімшенің жетекшісі;

4 Негізгі мақсаты мен міндеттері

4.1 Зерттеу іс тәжірибеде отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін зерделеу, сондай-ақ практикалық дағдыларды бекіту, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану, диссертациялық зерттеуде эксперименттік деректерді өңдеу және түсіндіру мақсатында жүргізіледі.

4.2 Зерттеу іс тәжірибенің міндеттері:

4.2.1 Зерделеу:

4.2.1.1 Бітіруші біліктілік жұмысын орындау кезінде оларды пайдалану мақсатында әзірленетін тақырып бойынша патенттік және әдеби көздер;

4.2.1.2 Эксперименттік жұмыстарды жүргізу және зерттеу әдістері;

4.2.1.3 Аспаптар мен қондырғыларды пайдалану ережелері;

4.2.1.4 Эксперименттік және экспедициялық жұмыстарды талдау және өңдеу әдістері;

4.2.1.5 Ғылыми зерттеулердегі ақпараттық технологиялар, кәсіби салаға қатысты бағдарламалық өнімдер;

4.2.1.6 Компьютерлік желілер мен телекоммуникациялық жүйелерді ұйымдастыру принциптері;

4.2.1.7 Ғылыми-техникалық құжаттаманы ресімдеуге қойылатын талаптар;

4.2.1.8 Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелерін енгізу тәртібі.

4.2.2 Орындау:

4.2.2.1 Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми ақпаратты талдау, жүйелеу және қорыту;

4.2.2.2 Қойылған міндеттер шеңберінде теориялық немесе эксперименттік зерттеу;

4.2.2.3 Алынған нәтижелердің шынайылығын талдау;


4.2.2.4 Әзірлеу объектісін зерттеу нәтижелерін отандық және шетелдік аналогтармен салыстыру;

4.2.2.5 Жүргізілетін зерттеулердің ғылыми және практикалық маңыздылығын, сондай-ақ әзірлеудің техникалық-экономикалық тиімділігін талдау;

4.2.2.6 Патентке өтінім дайындау немесе ғылыми жобалар конкурсына қатысу.

4.2.3 Дағдыларды игеру:

4.2.3.1 Ғылыми зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау;

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	Магистранттар мен докторанттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 010-22	19 беттің 6 беті

4.2.3.2 Зерттеу әдістемесін таңдау және негіздеу;

4.2.3.3 Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді жүргізу кезінде қолданылатын қолданбалы ғылыми пакеттермен және редакторлық бағдарламалармен жұмыстар;

4.3.3.4 Ғылыми зерттеулер нәтижелерін рәсімдеу (есепті рәсімдеу, ғылыми мақалалар, баяндама тезистерін жазу);

4.3.3.5 Эксперименттік қондырғылардағы, құралдар мен стендтердегі жұмыстар.

5 Зерттеу іс тәжірибені ұйымдастыру

5.1. Зерттеу іс тәжірибенің мазмұны

5.1.1 Магистранттар үшін зерттеу іс тәжірибесінің еңбек сыйымдылығы 9 кредитті құрайды, докторанттар үшін 10 кредитті құрайды.

5.1.2 Зерттеу іс тәжірибе академиялық күнтізбеге сәйкес магистратурада екі жылда 1 рет және докторантурада үш жыл ішінде 1 рет өткізіледі.

5.1.3 Зерттеу іс тәжірибенің мазмұны магистрлік және докторлық диссертация тақырыбымен анықталады.

5.1.4 Зерттеу іс тәжірибенің мазмұны білім алушылардың диссертациялық зерттеуінің тақырыбына және Ережеге сәйкес практика жетекшісі әзірлейтін жеке жоспармен айқындалады.

5.1.5 Докторанттың зерттеу іс тәжірибесі келесі қызмет түрлерін қамтуы мүмкін:

5.1.5.1 Диссертациялық жұмыстың таңдалған тақырыбына сәйкес зерттеудің эмпирикалық базасымен жұмыс (деректерді жинау, өңдеу және талдау әдістерін зерттеу, зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми ақпаратты жүйелеу);


5.1.5.2 Анықтамалық-библиографиялық жүйелерді, ғылыми ақпаратты іздеу тәсілдерін зерделеу; заманауи ІТ технологиялармен және онлайн платформалармен жұмыс істеу дағдыларын игеру, отандық және шетелдік электрондық деректер базаларымен жұмыс істеу;

5.1.5.3 Ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін пайдалана отырып, диссертациялық жұмыс тақырыбына байланысты ғылыми және тәжірибелік-эксперименттік зерттеулер жүргізу;

5.1.5.4 Алынған мәліметтерді өңдеу, талдау және қорыту;

5.1.5.5 Докторлық диссертация дайындау үшін жиналған материалдарды жүйелеу;

5.1.5.6 Ғылыми журналда алынған нәтижелерді дайындау және жариялау;

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	Магистранттар мен докторанттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 010-22	19 беттің 7 беті

5.1.5.7 Республикалық немесе халықаралық конференцияда зерттеу нәтижелерін таныстырумен сөз сөйлеу.

5.1.6 Зерттеу іс тәжірибесі кезінде білім алушы кафедраның/университеттің ғылыми жобаларына, сондай-ақ егер жоба тақырыбы диссертациялық зерттеу бағытына сәйкес келген жағдайда халықаралық жобаларға қосымша тартылуы мүмкін.

5.2 Іс тәжірибеден өту туралы есеп. Есептің мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар

5.2.1 Іс тәжірибеден өту туралы есептік құжаттарға мыналар жатады:

5.2.2 Белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген зерттеу іс тәжірибеден өту туралы есеп. Есеп іс тәжірибе аяқталғаннан кейін бір апта ішінде тапсырылады.

5.2.3 Есеп мазмұны. Есеп мәтіні келесі негізгі құрылымдық элементтерді қамтуы керек:

5.2.3.1 Титул парағы (Қосымша 1);

5.2.3.2 Кафедрадан практика жетекшісі жасаған магистранттың/докторанттың зерттеу практикасынан өтуі туралы жеке жоспар кестесі (Қосымша 2);

5.2.3.3 Зерттеу іс тәжірибесіне жолдама (Қосымша 3);

5.2.3.4 Белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген зерттеу іс-тәжірибесінен өткені туралы күнделік - есеп (Қосымша 4).

5.2.4 Қысқаша аналитикалық есеп (Қосымша 5):

5.2.4.1 Іс-тәжірибе базасы туралы мәліметтер

5.2.4.2 Пайдаланылған әдістер мен жұмыс технологиялары;

5.2.4.3 Орындалған жұмыс туралы мәліметтер;

5.2.4.4 Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы мәліметтер;

5.2.4.5 Жұмыс туралы қорытындылар, ұсыныстар:

– тәжірибе барысында алынған дағдылар мен дағдылардың сипаттамасы;

– зерттеу нәтижелерін енгізу, оларды жаңа немесе жетілдірілген өнімді немесе технологияны әзірлеу үшін пайдалану мүмкіндігін талдау;


– магистрлік / докторлық диссертация жазу үшін жүргізілген зерттеудің практикалық маңыздылығы туралы.

5.2.5 Қосымшалар.

5.2.6 Білім алушы - практикантты мадақтау және сынау.

5.2.7 Тәжірибе жетекшісінің сипаттамасы.

5.2.8 Іс тәжірибе бойынша есепті ресімдеуге қойылатын негізгі талаптар:

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	Магистранттар мен докторанттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 010-22	19 беттің 8 беті

5.2.8.1 Тиісті есеп компьютерде 1 интервалдан кейін басылуы керек, Times New Roman шрифті, 14 pt; шеттердің өлшемдері: жоғарғы және төменгі – 2 см, сол жақ – 3 см, оң жақ – 1 см;

5.2.8.2 Ұсынылатын есеп көлемі – 10-20 бет машинкамен басылған мәтін (қосымшасыз);

5.2.8.3 Есепке 20 беттен аспайтын, есеп беттерінің жалпы санына кірмейтін қосымшалар енгізілуі мүмкін;

5.2.8.4 Есеп кестелермен, графиктермен, диаграммалармен және т. б. суреттелуі керек.

5.3 Іс тәжірибені қорытындылау және бағалау

5.3.1 Зерттеу іс тәжірибесі бойынша аттестаттау екі кезеңде жүзеге асырылады.


5.3.2 Бастапқы кезеңде ғылыми жетекші ғылыми-зерттеу қызметінің дағдылары мен дағдыларының қалыптасуына, орындалатын жұмысқа, практикаға деген көзқарасқа (жауапкершілік, дербестік, шығармашылық, жұмысқа деген қызығушылық дәрежесі және т.б.) баға береді, оны пікірде баяндайды.

5.3.4 Келесі кезеңде білім беру бағдарламасының барлық білім алушыларының қатысуымен шағын конференция түрінде тәжірибе бойынша есеп қорғалады. Әрбір магистрант/докторант жүргізілген зерттеу нәтижелерінің презентациясын пайдалана отырып есепті қорғайды. Білім алушылардың зерттеу іс тәжірибесін ұйымдастыруға жауапты оқытушы ұсынылған: есеп, іс тәжірибесі жетекшісінің пікірі бойынша іс тәжірибені бағалайды.

Зерттеу іс тәжірибесі қорытындылары бойынша аттестаттау белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген жазбаша есеп және іс тәжірибесі жетекшісінің пікірі негізінде жүргізіледі. Аттестаттау қорытындылары бойынша төрт балдық жүйе (A, B, C, D) бойынша баға қойылады.

6 Өзгерістер

6.1 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу СІҚЕЖжБӨ-нің рұқсаты бойынша жүзеге асырылады және өзгеріс туралы хабарлама құжат түрінде оның қолы қойылып ресімделеді. Өзгерту туралы хабарлама парағы белгіленген нысанға сәйкес ресімделеді және осы Ереже орналасқан барлық құрылымдық бөлімшелерге беріледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ШҚУ ҚР 001-20 талаптарына сәйкес жүргізіледі. Сақтауға берілген Ережеге өзгерістер туралы хабарламаны шығаруды әзірлеуші жүргізеді. Ережедегі өзгерістерді ҚБЖ

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	Магистранттар мен докторанттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 010-22	19 беттің 9 беті

өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағына міндетті түрде белгі қоя отырып енгізеді.

6.2 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізгені үшін СХЫЖАБ және ҚБЖ жауапты болады.

6.3 Ережені тексеру кезеңділігін есепке алу парағындағы жазбаны міндетті түрде енгізе отырып, үш жылда бір реттен сиретпей ҚБЖ-мен қайта каралады.

6.4 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз болады:

– нормативтік құқықтық актілерге жаңадан енгізілген заң күші бар өзгерістер мен толықтырулар;

– басқарма төрағасы-ректордың бұйрықтары;

– құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді қайта бөлу;

– құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;

– СІҚЕЖЖБӨ-нің рұқсатымен өзгерістер енгізу себептері көрсетілген

ҚББ қызметтік жазбасы.

6.5 Бөлімшенің атауы өзгерген кезде Ереже ауыстырылуы тиіс.

6.6 Ауыстырылған жағдайда университеттегі күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаңасына ауыстырылуы тиіс.

6.7 Ереженің ескіргендерін ауыстыру және алып тастау үшін ҚБЖ және СХЫЖАБ жетекшісі жауапты.

6.8 Күші жойылған Ереже күшін жою үшін негіздемесін, күнін, «Күшін жойды» деген жазуды жасаған адамның қолын көрсете отырып, «Күші жойылды» деген жазумен белгіленеді және мұрағатқа орналастырылады. Мұрағаттық құжаттар жұмыс үшін пайдаланылмайды.

7Келіссөздер, сақтау және тарату

7.1 ҚР-ның нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес Ережені келісуді ҚБЖ жүзеге асырады.

7.2 Ережені ҚБЖ әзірлейді.

Ереже келісіледі:

– СІҚЕЖЖБӨ-мен;

– академиялық саясат және білім беру бағдарламаларын басқару департаменттінің директорымен;


– инновациялық даму және коммерцияландыру департаменттінің директорымен;

– құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің жетекшісі;

– комплаенс-офицермен;

– заңгер-кеңесшімен.

7.3 Ереже басқарма төрағасы-ректормен бекітіледі және ол жойылғанға дейін әрекет етеді.

	<p align="center">«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ</p>		<p align="center">Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.</p>
	<p align="center">Магистранттар мен докторанттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы</p>	<p>ШҚУ Е 010-22</p>	<p align="center">19 беттің 10 беті</p>

7.4 Ереженің түпнұсқасы ҚҚЕЖББ-нде сақталады, оның сақталуына ҚҚЕЖББ-ның жетекшісі жауапты болады.

7.5 Есепке алынған Ереженің жұмыс даналарын таратуды ҚҚЕЖББ жүзеге асырады.

7.6 Ереженің есепке алынған жұмыс данасының бөлімшеде сақталуы үшін жауапкершілік ҚБЖ-не жүктеледі.

ӘЗІРЛЕДІ:

Жоғары оқу орнынан кейінгі
білім беру бөлімінің жетекшісі



Т.А. Абылайханова

КЕЛІСІЛДІ:

Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі
жөніндегі басшылықтың өкілі



И.В. Ровнякова

Академиялық саясат және білім беру
бағдарламаларының басқару
департаментінің директоры



Ж.Б. Болатова

Инновациялық даму және коммерцияландыру
департаменттінің директоры



Н.Б. Алимбекова

Құжаттамалық қамтамасыз ету және
бақылау бөлімінің жетекшісі



А.К. Чудобаева

Комплаенс-офицер




Г.Т. Байркенова

Заңгер-кеңесші



Д.М. Раева

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	Магистранттар мен докторанттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 010-22	19 беттің 11 беті

Қосымша 1

**«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ»
КЕАҚ**

Жоғары мектебі _____

Кафедра _____

Күнделік-есеп

_____ іс-тәжірибе бойынша

(іс-тәжірибе түрі)

Күндізгі оқу түрі _____ курс білім алушысы

БББ

(білім алушының Т.А.Ә.)

Іс-тәжірибеден өту орны:

(Кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің атауы)

Іс-тәжірибе мерзімі:

20__ ж. «__» _____ бастап 20__ ж. «__» _____ дейін

Кәсіпорынның (ұйымның, мекеменің) іс-тәжірибе жетекшісі:

(Т.А.Ә., лауазымы)

(Қолы)


Сәрсен Аманжолов атындағы ШҚУ іс-тәжірибе
жетекшісі: _____

(Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі, лауазымы, атағы)

(Қолы)

Қорытынды баға: _____


Өскемен, 20__ ж.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	Магистранттар мен докторанттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 010-22	19 беттің 12 беті

Қосымша 2

Жеке жоспар-кестесі *(кафедра жетекшісімен толтырылады)*

Күні	Тапсырмалар және олардың мазмұны (іс-әрекеттері)	Орындалу мерзімі бойынша ұсыныстар
	1 апта	
	...	
	... апта	

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	Магистранттар мен докторанттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 010-22	19 беттің 13 беті

Қосымша 3

Жолдама

Мекемеде қалады

«Магистранттардың/докторанттардың зерттеу/ өндірістік іс-тәжірибесі туралы» 202__ ж. «__» _____ № _____ - ст бұйрығы негізінде «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 7M04101-Экономика БББ бойынша күндізгі оқу түрі «1/2» курс білім алушысы Қалиева Айым Аскарқызы өндірістік/зерттеу іс- тәжірибесінен өту үшін жіберілді.

_____ (іс-тәжірибе базасының атауы)

Іс-тәжірибе басталуы «__» _____ 20__ г.

Іс-тәжірибе аяқталуы «__» _____ 20__ г.

Басқарма төрағасы-ректор _____ М.Төлеген
 М.П. _____ (подпись)

Оқу орнына қайтарылады

Келу және кету туралы белгі

«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ _____ ббб шифры мен атауы
 БББ бойынша күндізгі оқу түрі «__» курс білім алушысы _____
 _____ Т.А.Ә.

өндірістік/зерттеу іс- тәжірибесінен өту үшін

Келді


Кетті

_____ 20__ ж. «__» _____
 _____ Мекеме басшысы

_____ 20__ ж. «__» _____
 _____ Мекеме басшысы

Қолы, мөр


Қолы, мөр

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	Магистранттар мен докторанттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 010-22	19 беттің 14 беті

Қосымша 4

Күнделік-есеп

Күні, айы	Әрбір күн үшін іс-тәжірибенің бағдарламасы мен жоспар-кестесіне сәйкес орындалған (зерделенген) жұмыстардың атауы	Жетекшінің белгісі
...		

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	Магистранттар мен докторанттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 010-22	19 беттің 15 беті

Қосымша 5

Қысқаша аналитикалық есеп

Іс-тәжірибе базасы туралы мәліметтер _____

Пайдаланылған әдістер мен жұмыс технологиялары _____

Орындалған жұмыс туралы мәліметтер _____

Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы мәліметтер _____


Жұмыс туралы қорытындылар, ұсыныстар _____

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Білім алушының қолы _____

20__ ж. «__» _____

5 Білім алушы - практикантты мадақтау және сынау

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	Магистранттар мен докторанттардың зерттеу іс тәжірибесі туралы	ШҚУ Е 010-22	19 беттің 16 беті

6 Іс-тәжірибе жетекшісінің сипаттамасы

Қорытынды баға ____ балл.

_____ іс-тәжірибе жетекшісі
(іс-тәжірибе түрі)

_____ Т.А.Ә.
(іс-тәжірибе базасынан тікелей жетекшісі)

Білім беру ұйымы басшысының қолы _____ Т.А.Ә.

20__ ж. « ____ » _____ М.О.

